

Бейнеу ауылындағы атауы қайталанатын көшелердің атауын өзгерту туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Бейнеу ауылы әкімінің 2026 жылғы 12 қаңтардағы № 8 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта алу, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес, Бейнеу ауылы халқының пікірін ескере отырып, Маңғыстау облыстық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Бейнеу ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бейнеу ауылындағы атауы қайталанатын көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Әділ көшесіне – Отырар көшесі;
- 2) Қаныш Сәтбаев көшесіне – Күлтөбе көшесі;
- 3) Амантұрлы көшесіне – Бозжыра көшесі;
- 4) Шағырлы көшесіне – Тамшалы көшесі;
- 5) Есекмерген көшесіне – Тыныштық Төленов көшесі;
- 6) Қашаған көшесіне – Қорабай Мекеев көшесі;
- 7) Досат көшесіне – Дүйсенғали Көшеров көшесі;
- 8) М.Жұмабаев көшесіне – Жылқыбай Қосаманов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Бейнеу ауылының әкімі

Н.Кенбаев